

Шектеу іс-шараларын тоқтату және "Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округінің Мүрсәлім елді мекеніне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 03 қыркүйектегі № 24 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 8 қыркүйектегі № 16 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 қыркүйекте № 29482 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 07 шілдедегі № 480 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Мүйізді ірі қара малдарының құтырық ауруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралар жүргізілуіне байланысты Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округінің Мүрсәлім елді мекенінің аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 03 қыркүйектегі № 24 "Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округінің Мүрсәлім елді мекеніне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4157 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Көкжыра ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім ресми жарияланғаннан кейін Тарбағатай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Көкжыра ауылдық округінің әкімі

М. Суйесинов